

МҒТАР 17.71.07

Г.Т. Тлеубердина¹, Б.С. Рахимов², М.А. Қадырбек¹, Г.Т. Батыргалиева³,
Л.Е.Дальбергенова¹

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы.

²Е.Букетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., 100008, Қазақстан Республикасы

³№3 Шортанды аудандық қазақ мектебі, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, 020000, Қазақстан Республикасы

ҚАНАЙ БИДІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНІҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада қазақ халқының өткенінен, салт-дәстүрінен, тұрмысынан мол мәлімет беретін халықтың ауызша шығарған көркем туындысы шешендік сөздерге тоқталамыз. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – гасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра. Би-шешендердің бейнелі де бедерлі даналық сөздері күні бүгінге дейін өзектілігін жоймады. Мақалада Абылай хан есіміне қатысты тарихи деректерде кездесетін қарауыл Қанай би есіміне тоқталамыз. Сонымен қатар, қазақ халқының егемендігі жолында аянбай қызмет еткен, саяси мәселелерге араласып, Абылай ханның ақылшысы болған Қанай бидің шешендік сөздерін де қарастырамыз. Өмірден көргенін, көңіліне түйгенін екі ауыз сөзбен кестелеп, кейінгіге үлгі-өнеге қалдырған. Дана бидің даналық ойларының астарына үңіліп, маңыздылығына көз жеткіземіз. Сондай-ақ, Қанай бидің мұрасы әлі де зерттеуді қажет ететіндігін байқаймыз.

Кілт сөздер: фольклор, халық ауыз әдебиеті, шешендік сөздер, батыр, би-шешендер, Абылай хан, қарауыл Қанай би.

КІРІСПЕ

Фольклор – халықтың ауызша шығарған көркем туындысы, халық шығармашылығы. Бұл шығармалар қазақ халқының өткенінен, тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен, арман-мүддесінен мол мәлімет береді. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің негізгі түрлеріне тұрмыс-салт жырлары, батырлар жыры, аңыз, ертегілер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, лирикалық өлеңдер, айтыс тағы басқалары жатады.

Қазақ фольклорындағы ерекше жанрдың бірі – шешендік сөздер. Ауызша сақталып, ауызша таралған, хатқа түспей, халық жадында сақталып жеткен шешендік сөздер – халық даналығынан туған асыл мұра. Халық ауыз әдебиеті мұраларынан, ертегі, аңыз-әңгімелерден, жыр-дастандардан шешендік сөздердің алғашқы үлгілері кездеседі. Қазақ даласында от тілді, орақ ауызды би-шешендер көптеген қанатты сөздер, мақал-мәтелдер мен сөз оралымдарын тілдік қолданысқа енгізіп, шешендік өнердің мол мұрасын қалдырды. Олар ділмарлығымен рушілік, руаралық және екі ел арасындағы кез-келген дау-дамайды соғысқа жеткізбей шешіп отырған. Қазақтың шешендік өнері Майқы би мен Аяз биден бастау алатыны белгілі. Сондай-ақ, қазақ шешендеріне Мөңке би, Едіге би, Бәйдібек би, Жиренше шешен, Шоған би, Өнет би, Досай, Ескелді, Балпық, Есей, Бекболат, Тайжан, Тоқсан, Жанкісі, Ақтайлақ, Бөлтірік, Қарауыл Қанай би, Шоң, Шорман, Байдалы, Зілқара, Байкөкше, Бала би тағы басқаларын жатқызамыз.

Ел тарихына байланысты түрлі еңбектерде Абылай хан есіміне қатысты Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Бұқар жырау, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би тағы да басқа батырлар мен билер есімдері аталатыны белгілі. Азаттық үшін күрескен, саясатқа тікелей араласып, ақыл-кеңесін аямаған басқа да ел жақсыларының есімдері әлі де кең айтылмай жүр. Хан ордасындағы қадірлі адамның бірі

Қанай би болғандығын тарихи деректерден білеміз. Сонымен қатар, деректі әңгімелерде Қанай бидің Абылай атынан әмір еткен Ташкент төңірегінің бегі болғаны айтылады [1,45].

Қарауыл Қанай би – қазақ халқының егемендігі мен тәуелсіздігі жолында аянбай қызмет еткен, Абылай хан заманындағы ірі тұлға. Қанай Құттымбетұлы шамамен 1695-1696 жылдары, қазіргі Ақмола облысы, Зеренді ауданында дүниеге келген. Шыққан тегі – Орта жүз, Арғын тайпасының қарауыл руынан. Осы себептен тарихта Қарауыл Қанай би болып таңбаланған. Қанай би Қарауылдың сегізінші ұрпағы. Шежіре бойынша, Қанай шешеннің үш ұлы болған. Олар – Бақы, Итқара және Сұлтанкелді. Қанайдың үш ұлынан 16 немере болған, олардың ұрпақтары алты ауыл Қанай атанады.

Бұл мақалада белгілі би, қол бастаған батыр Қанай би Құттымбетұлының тәрбиелік мәні зор шешендік сөздері топтастырылады. Сонымен қатар, қара қылды қақ жарған әділ биліктері, даналық сөздері, өз заманын тереңнен толғаған тағылымды толғаулары да қарастырылады. Шешендік сөздерге ден қойып, мағынасын арнайы зерттеу арқылы қарауыл Қанай бидің асқан ақылы мен көрегендігі байқаймыз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қан майдандағы ерліктері, әділ шешімі, тапқырлығы, шешендігі аңызға айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл мұра. Қанай бидің батырлығы, ел тағдырын шешкен билігі жөніндегі деректердің аздығынан, әлі де толық зерттеуді қажет ететіндігі байқалады. Қазақ хандығын анталаған жаулардан, жоңғар шапқыншылығына қарсылық көрсетіп, жерінің тұтастығын, жұртының амандығын сақтап қалған Абылай ханды Шақшақ Жәнібек батырға апарып батасын алғызып, хан көтереген әрі би, әрі шешен, әрі батыр, ақылшысы болған Қарауыл Қанай Құттымбетұлы болыпты. Қарауыл Қанай би Абылай ханның оң тізесін басқан, саяси мәселелерде ақыл қосатын биі болған. Қаһарман батырлар да Қанай бимен ақылдасып отырған. Сондай-ақ, ер дауын, жер дауы мен жесір дауын шешу кезіндегі әділдігімен халық арасында шексіз құрметке ие болған. Қанай би Арғынның жиырма аталы Атығай, Қарауылды Арқаның бойына, Ертіс пен Есіл өзендерінің арасына қоныстандырыпты. Ол екі атадан тарайтын ұрпақтарды туыстастырып «Атығай-Қарауыл» атандырған [2, 85].

1728 жылы Бұланты өзені алқабында өткен қазақ пен қалмақтың қанды қырғын шайқасы болған еді. Халқының қамын ойлаған Бөгенбай, Қабанбай, Тайлақ сияқты ел қорғаны батырлардың жанқияр ұрыстары рухтандырып, қазақ халқы сауын айтып жасақ жинауға кіріскен еді. Қанай батыр Атығай мен Қарауылдан бес жүздей батыл жігіттерін бастап, қосынға қосылады. Қанай би де, оның жігіттері де жан алып, жан берген қырғынның қалың ортасына қаймықпай кіріп, ерлікпен көзге түседі. Үлкен жеңіс аруағын көтеріп, жігерін жаныған қазақтар 1730 жылдың жазында тағы да қару қайрайды. Бұл жолы Қанай мыңға тарта жігітпен ұрысқа қаруланады. Қазақ пен қалмақ Балхан көлінің жанындағы Итішпес көлі маңында бір-біріне қарсы келген кезде, қазақ халқы кекті жауды күйрете жеңеді. Қарақайлап шапқан ер Қанай, оның соңынан ілесе ұмтылған Атығай-Қарауыл жігіттері мен Бөгенбай батыр өзі бастап шапқан Қанжығалы жігіттері жауды жеңеді.

Абылай ханды орыспен қақтығыстан Бұқар жырау, қытаймен қырғыннан Қарауыл Қанай би арашалап қалады. Қанай би ханға жайлы жағдай жасадым деп, өзін ғана ойлаймайды. Керісінше халқының қамын ойлап, мыңбасы болып, құба қалмақтарға қарсы сан қилы ұрыстарға қатысады.

«Алмас қылыш майданда ғана серік,

Асыл сөз майданда да сайранда да серік», – дегендей, Қанай би асыл сөзімен де, күш-қуатымен де ел қорғаны болды. Бұл жайды Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» жырында тамаша жырлап кеткен. Поэмада Қанай биді Абылай ханның ақылгөйі ретінде жоңғар басқыншыларынан азат ету жолындағы ерлігі, шешендігі мен даналығы жырланады. Мағжан ақын бұл жайды былай жырлайды:

Күндердің бір күнінде хан Абылай,

Қалмаққа ойына алды ойран салмақ.
Ханынан: «Аттан!» – деген сөз шыққан соң,
Ордаға батыр, билер келді андап.
Жиылды өңшең ноян, ығай-сығай,
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай,
Ту баста Абылайды хан көтерген
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай [3, 10].

Осы жырда Қанай бидің шешендігі, көп қырлығы, сан-салалы шеберлігі, керек жерінде батыл да, қатты да, жұмсақ та айта білетін еркіндігі көрініс табады. Мағжан ақын бұл жайды былай суреттейді:

«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
... Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе қандыбалақ батыр Баян!» –
Деген соң ойы теңіз хан Абылай,
Аяндап батырларға қайтты Қанай.
Байлаулы бөрілерді ыза қылмай,
Кестелеп, сөзбен сипап айтты Қанай [3,25].

Абылай хан «Қанайым, ойың удай, тілің шаян» деп Қанай шешеннің сөзінің уыты барын мойындайды. Хан алдында шағып алатын шаян тілді ер Қанай сұм жауға қарсы аттануға дайын тұрған батырлардың қылыштай өткір көңілдерін қалдырмайын деп, айтарын кестелей өрнектеп, әркімнің ыңғайын табады.

Бұл кезге дейін ойдағы қытай мен қырдағы қытайды шоңқита алдап, тақырға отырғызып кеткен қу қалмақтың қаптаған қолын, оның болат сауыт киіп, қару асынған көзсіз батырларын көріп, Шарыш сияқты ерлерінің басы допша домалағанына куә жоңғарлар Абылайды да алдауды ойлайды. Сол арқылы қанды қырғыннан құтылуды ойластырады. Сөзсіз жеңілетінін түсінген құба қалмақ басшылары айлаға көшіп, уақыттан озу жағын да ойластырады. Ол үшін Уса, Серен өзара ақылдасып, қалмақ елшілерін қазақтарға аттандырады. Елшілері қазақ еліне тұтқиылдан шауып, туысқан халықтың ұлы ханы Абылайдан және билерінен кешірім сұрайды. Сондай-ақ, егер кешірім берсе олжаларының бәрін қайтарып, ер басына бір ару мен ақ отау, қалы кілем жабылған нар, үйірімен жылқы беретіндерін айтады. Би-батырларын, бетке ұстар ақылдыларын жинаған Абылай қалмақтың бұл тілегіне келіспейді. Бұл кезде уақыттан сәл болса да ұтқан қалмақтың қалың қолы қытай жағымен жең ұшынан жалғасып, әрі асып кеткен еді. Сол кезде Абылай хан билері мен ерлерін жинап ақылдасады.

Ерлерін жинап алып, ел ағасы
Сұрайды, «мынау істің не шарасы?»,
Қырандар әрі-бері толқысқан соң,
Қанайы Қарауылдың – топтың басы,
Саңқылдап суырылып сөйлей берді.
«Қытайдың қол ұсыным шекарасы,
Қалмақтың қытай кірген зерттер болсақ,
Қазақтың бірі қалмай мерт боласы».
Тұнжырап қалса дағы хан Абылай:
«Қайту», - деп, сөздің болды бітуасы [3, 45].

Қытай жеріне өтіп кеткен жаудан алынбай қалған кек Абылай ханның намысын қайрап, ілгері ұмтылдырған еді. Алайда алдағы қаптаған қалың қытай қауіпті еді. Сол себепті, ұлы ақылшы Қанай би көрегенділікпен, Абылайды осындай сөздерімен тоқтатқан. Ашуды ақылға жеңдірген Абылай Қарауыл Қанай бидің кесімді сөзін жерде қалдырмай қабыл алды. Поэманың осы жерінен Қанай бидің көрегендігі, асқан ақылы, даналығы көрінеді. Сондай-ақ, Ілияс Есенберлиннің «Жанталас» кітабында да Қанай бидің үнемі Абылай ханның жанында болып, күрделі мәселелерде ақылшы болғандығы айтылады. Жазушының айтуы бойынша,

Қанай батыр соғыстың түрлі айла-тәсілдерін, ұрыстың өзіндік ерекшеліктерін пайдалана білетін ірі қолбасшы болыпты. Ол қазақ жерін сыртқы жаулардан азат етуде баға жетпес еңбек сіңірген, елінің тәуелсіздігін, жерінің біртұтастығын сақтау мақсатында келер ұрпақ алдында сүйіспеншілікке бөленген ірі тұлға болғаны анық [4, 46].

Аузы дуалы Қанай шешен бала кезінен өзінің тапқырлығымен жұрт назарына ілігіпті. Халық арасындағы ауызша сақталып, жеткен аңыздарда Қанай биге, оның ата-бабасына, ұрпақтарына байланысты деректер көп кездеседі. Сондай аңыздардың бірінде, үйге келген жолаушы баланың қасиетін бағалағысы келіп, сөзге тартады. Ет желініп, болған кезде мейман отырып:

– Ана балаға бір сүйек беріндерші, - дейді. Сонда 13 жасар Қанай бала:

Ақ сұңқар алдындағы жемді шашып жейді,

Қара құс арқасын қасып жейді.

Ит алдыңғы екі аяғымен басып жейді,

Адам ет жейді,

Ит сүйек жейді.

Маған бергіңіз келген сүйекті

Өзіңіз жеңіз, - деген екен [3, 86]. Сол кезде әкесі Құттымбет балаға мейманға тіл тигіздің деп жекіген кезде, жолаушы «тима, бала сөзі дұрыс» депті. Көріп отырғанымыздай, Қанай шешен бала кезінен ақылдылығымен, орынды сөзімен, тапқырлығымен ерекшеленген. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қанай би қазақ тарихынан айрықша орын алатын тарихи тұлға. Бұл туралы Қазақ совет энциклопедиясының 6-томында былай айтылады: «Қанай – Орта жүздің биі, батыр, шешен, қалмақ шапқыншыларына қарсы қазақ халқының көп жылдарға созылған азаттық соғысы кезінде қол бастап, жорыққа шыққан. Өзінің тапқырлығымен, ерлік ісімен ел ішінде беделі артып, бітім-билік айтқан. Қанай қалдырған шешендік сөздер халқымыздың ауыз әдебиетінің асыл мұрасына жатады» [8, 211].

Кезінде қазақ халқы Қанай бидің тапқырлығы мен ақылдылығына таңданған. Қанай бидің шешендік сөздерінің бірқатары басқаларға телініп кеткенімен, бірқатары ауызша жеткен. Солардың бірі:

Ақылсызға мал бітсе,

Жалмамаған тай қоймайды.

Ақылсыздан би болса,

Жалмамаған ел қоймайды[3,89]. Бұл нақыл сөздің бойында үлкен ой жатыр. Әр адам көп білуге, білімін шынға ұмтылуы керек. Себебі, білімсіз еш нәрсені іске жарата алмайсың деп ойлаймын. Ақылсыз, алды-артын ойламайтын адамға байлық берілсе, ол оны ойланбай жұмсап, соңында түксіз қалуы мүмкін. Сол сияқты ел билігінде болған хан-сұлтандар, олардың ақылшылары болған билер де әр мәселені ақылмен шешіп, пайымдаған.

Аяншақ батыр жау алмас,

Ұшқалақ би дау алмас[3,90], - деген де Қанай бидің орынды айтылған сөзі бар. Сонымен қатар, ер жігіттің бойындағы асыл қасиеттерді көрегендікпен айтып кетіпті.

Ер жігіт ие болса,

Алдымен ел ұстайды.

Жарата білсе, ат ұстайды,

Қайыра білсе, құс ұстайды,

Асырай білсе, ит ұстайды,

Қорқақ болса, тау қыстайды [3, 95].

Билік қолға тигенімен оған берік тұтқа болып, өзінің қара басының қамын ғана ойламай, халқының жағдайын жасау, ел басқару да оңай емес екендігі белгілі. Сол сияқты ат ұстау, құс қайыру, ит жүгірту де жігіттен шеберлікті қажет ететін жағдайлар. Қарауыл Қанайдың ойшылдығы, данышпан көрегендігі мен шешендігі жөніндегі пікірлер қазақ жерінің түкпір-түкпірін түгел шарлап, көрші елдерге де жеткен. Бұл айтылғанды Қоқан бегінің Қанай биді сынамақ болып сұрақ қойғандығы толықтыра алады. Қоқан бегі: «Тұйғын

құс тұғырында қанат қақса қайткені, Хан қарашаға сөз салса қайткені» – деп сұрапты. Сонда Қанай би:

Тұйғын құс тұғырында қанат қақса, кемеліне жеткені,
Хан қарашаға сөз салса, басынан бақытының кеткені,
Тарыққанда, зарыққанда, сүйенер досың болмаса,
Кемеңнің құмға шөккені [5,16], - деген екен.

Қанай бидің бала кезіндегі ойының тереңдігін Ақтайлақ би сынамақ болып мынадай сауал қояды:

Ер басында бақыт нешеу?

Кемдік нешеу?

Құлазу нешеу?

Сонда Қарауыл Қанай би: «Ер басында бақыт бесеу, кемдік үшеу, құлазу төртеу» деп, осыларды атап өтеді:

Астындағы атың жүрдек болса,

Жалғанның пырағы.

Алғаның жақсы болса,

Үй мен қонақтың тұрағы.

Әкең – асқар тау,

Шешең – қайнар бұлақ.

Балаң жақсы болса,

Екі көздің шам-шырағы.

Міне – бес бақыт осы.

Атың шабан болса,

Жалғанның азабы.

Алғаның жаман болса,

Дүниенің тозағы.

Балаң жаман болса,

Көрінгеннің мазағы,

Міне – үш кемдік осы.

Қалың ел көшсе, көл құлазиды.

Қаптаған мал кетсе, бел құлазиды.

Нарқын танымаған, сөз құлазиды.

Қатарынан айырылған, шал құлазиды.

Міне – төрт құлазу осы [5, 36].

Бұл жауапқа риза болған Ақтайлақ би, өз ризалығын білдіріп, маған жұмбақтап сөйле дейді. Сол кезде Қанай би «Сіздей білгір дүлділге жұмбақ қоя алмаймын» деп жауап беріпті. Осы келтірілген шешендік сөздерден Қанай бидің данышпандығын, қара сөзге дес бермес шешендігін байқаймыз.

Тура биде туған жоқ,

Тура биде туысы бар,

Туғанына бұрған жоқ.

Бұрылып берсе төрені,

Ақиретте иман жоқ.

Атасыздан би қойсаң,

Адастырар еліңді.

Жөнді сөзге бара алмай,

Сындырар бір күн беліңді.

Ақылдыдан би қойсаң,

Сылап-сипап құрметтеп,

Көркем қылар еліңді.

Теңді тауып жолдас бол,

Бұзылмайтын сенімді [5, 65].

Қарауыл Қанай шешен әділдікті ту етіп, шындықты қолдап, ел басшыларына қатаң талап қойды. Осы шешендік сөздің күні бүгінге дейін өз маңыздылығын жоймағанына көзіміз жетіп отыр.

Дүниеге кедейден де байлар құмар,
Құмары сол емес пе, дүние үшін жанын қияр,
Берсе де кесепаты тиеме деп,
Залымды ғалымдардан артық сыйлар [5, 46].

Басына қонған бақты ұстап тұратындай адамның бойында ақыл, күш-қуат болуы керек. Бір күнгі қуанышты көтере алмай басы айналып, ертеңіне орнынан ұшып кетіп жатқандар аз емес. Дана би өмірден көргенін, көңілге түйгенін екі ауыз сөзбен кейінгілерге үлгі-өнеге ретінде ұсынып кеткен. Өмірге белсене араласып, талай жақсы мен жаманды көрген Қанай би өмірде түйген ойларын осылайша қорытындылап, кейінгіге екі ауыз сөзбен үлгі-өнеге болатындай нақыл сөз қалдырды. Тұтас елдің, Бұхара қалың халықтың қамын ойлап, өмір сүрген билер мен шешендерден ғана осындай асыл сөз қалса керек. Осы ретте ақын Ескендір Итжанов «Абылай жекпе-жекке шыққанда» деген өлеңінде де Қанай бидің аты аталады.

Кісесін мойнына сап Бөгенбай қарт,
Иә, тәңірім, ете көрме жауыма мерт.
Суырылып шешен Қанай саңқылдады,
Ұсыныс ханға айтып «Бер рұқсат» [5, 50].

Халқымыздың ғұлама ғалымы Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантай туғанда, атақты Сегіз Сері нәрестеге бата беріпті.

Бердібек Құлекедей білекті бол,
Беріште Исатайдай жүректі бол.
Халқының қамын жеген ертелі-кеш,

Қарауыл Қанай бидей тілекті бол [5, 55], - деп Қанайға жиен болып келетін Сегіз Сері нағашысын батаға қосыпты. Қанай би – тарихта тұғыры биік тарлан тұлға. Әйтiмбет сынды айтулы билерден үлгі алған, халқының қалаулы қаһарманына айналған, сүйегі құрметтеліп Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде қойылған. Кесенеде қазақ халқының ардақты да атақты хандары, батырлары, билері, діни қайраткерлері жерленген. Ташкент қазақтардың ықпалында болған кезде Қарауыл Қанай би осы қаланың бегі болып сайланып, өмірінің ақырына дейін сонда тұрып, сол Ташкентте қартайып қайтыс болыпты. Қанай би ұрпақтарына Мәлік Ғабдуллин, Баян Жанғалов сияқты тағы да басқа асыл азаматтар жатады [7, 211].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ қауымында шешен-билердің орны ерекше бағаланады. Халқымыздың Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би сынды сөз маржанын төккен би-шешендердің өнегелі сөздері осы күнге дейін өз құндылығын жоймады. Түйдекті ойларын сөз арқылы төгілте кестелеген, Абылай хан заманындағы ірі тұлғалардың бірі – Қарауыл Қанай би. Ол Абылай ханның оң тізесін басқан, саяси мәселелерде ақыл қосатын биі болған. Қаһарман батырлар да Қанай бимен ақылдасып отырған. Сондай-ақ, ер дауын, жер дауы мен жесір дауын шешу кезіндегі әділдігімен халық арасында шексіз құрметке ие болған. Бала кезінен оның ақылдылығы мен тапқырлығы жұрт назарына іліккен. Сондай-ақ, шешеннің кестелеп айтқан шешендік сөздері халық арасында ауызша сақталып, бүгінгі күнге жетті. Қан майдандағы ерліктері, әділ шешімі, тапқырлығы, шешендігі аңызға айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл мұра. Қанай бидің батырлығы, ел тағдырын шешкен билігі жөніндегі деректердің аздығынан, әлі де толық зерттеуді қажет ететіндігі байқалады [6].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бекенов Ж. Қанай би және оның ұрпақтары. Көкшетау, 2010. – 320 б.
- 2 Қарауыл Қанай би. Шежіре: шығармалар. Астана, 2018. – 220 б.

- 3 Сәдуақас Т. Хан ордасынан хан шатырға дейін. Көкшетау: «Әрекет» баспасы, 2020.-185 б.
- 4 Ғибадилов М. Қазақ билері – өз заманының құты мен қасиеті. Көкшетау: «Arqa ажару» газеті, 2019.
- 5 Ақтайлақ би: өлеңдер мен толғаулар, шешендік және билік сөздер. Астана: Елорда, 2003. – 208 б.
- 6 Kiyakova, R., Tleuberdina G.T. Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world // ASTRA Salvensis, no. 1/2021. – 59-65 <http://astrasalvensis.com/2021-2/>
- 7 Dalbergenova, L., Tleuberdina G.T. Epistemic causal relations in German and Kazakh discursive texts // Astra Salvensis, 2021, 1/2021, -p.p 41–58. <http://astrasalvensis.com/2021-2/>
- 8 Шакажанова Г.К. С.Қасқабасов – қазақ фольклоры теориясын негіздеуші // Ш.Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. №1. 2020. – Б. -211-2015

Материал 15.11.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Bekenov J. Kanai bi and his descendants. Kokshetau, 2010. – 320 p.
- 2 Guard Kanai bi. Genealogy: essays. Astana, 2018. – 220 p.
- 3 Saduakas T. From the horde of Khan to Khan Shatyr. Kokshetau: publishing house «Areket», 2020.
- 4 Gibadilov M. Kazakh bileri are a treasure and an attribute of their time. Kokshetau: newspaper «Arqa ажару», 2019.
- 5 Aktailak bi: poems and reflections, oratorical and authoritative speeches. Astana: Elorda, 2003. – 208 p.
- 6 Kiyakova, R., Tleuberdina G.T. Value of loan words in the creation of the linguistic and literary world // ASTRA Salvensis, no. 1/2021. – 59-65 <http://astrasalvensis.com/2021-2/>
- 7 Dalbergenova, L., Tleuberdina G.T. Epistemic causal relations in German and Kazakh discursive texts // Astra Salvensis, 2021, 1/2021, – p.p 41-58. <http://astrasalvensis.com/2021-2/>
- 8 Shakazhanova GK S. Kaskabasov - theoria Kazakh folklore conditore // Bulletin of KU named after Sh. Valikhanov. Philologiae series. №1. 2020. – P. 211-215

Фольклорные основы ораторского мастерства караул Канай би

Г.Т.Тлеубердина¹, Б.С.Рахимов², М.А.Қадырбек¹, Г.Т.Батыргалиева³ Л.Е.Дальбергена¹

¹Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

²Карагандинский университет имени Е. Букетова, г.Караганда, 100008, Республика Казахстан

³Шортандинская средняя школа №3, Акмолинская область, Шортандинский район, 020000, Республика Казахстан

В статье мы остановимся на ораторских выступлениях рассказывающих о прошлом, традициях, быте казахского народа. Примером мудрости нашего народа являются ораторские слова, которое на протяжении веков отличалось от народной критики. Образная и рельефная мудрость би-чеченцев не утратила своей актуальности и по сей день. В статье мы остановимся на имени караул Канай би, которое встречается в исторических источниках, касающихся имени Абылай хана. Также рассмотрим ораторские слова Канай би, который неустанно трудился на пути суверенитета казахского народа, вмешивался в политические вопросы и был наставником Абылай хана. Также мы убеждаемся в важности мудрых мыслей Канай би. Мы также видим, что наследие Канай би все еще нуждается в изучении.

Материал поступил в редакцию журнала 15.11.2021

Folklore basics of public speaking skills karaul Kanai bi

G.T.Tleuberdina¹, B.S.Rakhimov², M.A.Kadyrbek¹, G.T.Batyrgalieva³, L.E. Dalbergenova¹

¹KU named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²E.Buketov Karaganda university, Karaganda, 100008, Republic of Kazakhstan

³Shortandy secondary school No. 3, Akmola region, Shortandinsky district, 020000, Republic of Kazakhstan

In the article we will focus on oratorical speeches telling about the past, traditions, life of the kazakh people. An example of the wisdom of our people are oratorical words, which for centuries differed from popular criticism. The figurative and relief wisdom of bi-chechens has not lost its relevance to this day. In the article we will focus on the name karaul Kanai bi, which is found in historical sources concerning the name of Abylai khan. Also consider the oratorical words of Kanai bi, who worked tirelessly on the path of the sovereignty of the Kazakh people, intervened in political issues and was the mentor of Abylai Khan. We are also convinced of the importance of Kanai bi's wise thoughts. We also see that Kanai bi's legacy still needs to be explored.

Received: 15.11.2021

МРНТИ 17.07.41

В.В. Фирсов¹, Р.Р. Ганеев¹

¹Центрально-Казахстанская академия, г. Караганда, 100012, Республика Казахстан

О ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ОСОБЕННОСТЯХ РИТМИКО-ИНТОНАЦИОННОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ТЕКСТА ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ (НА МАТЕРИАЛЕ ПОВЕСТИ В. МАКАНИНА «СТОЛ, ПОКРЫТЫЙ СУКНОМ И С ГРАФИНОМ ПОСЕРЕДИНЕ»)

Настоящая статья посвящена вопросам анализа и толкования художественного текста, осуществленным посредством интегративного подхода, активно развивающегося в современном литературоведении. Реализация данного подхода обеспечивается междисциплинарным характером современной филологической науки. Авторами предпринята попытка проанализировать ритмико-интонационную структуру прозаического текста и, основываясь на сделанных выводах, проследить ее связь со смыслом, заложенным автором. Таким образом ритм прозаического текста можно рассматривать как смыслообразующую категорию, которая вместе с другими средствами выразительности оказывает динамическое влияние на читателя. Основное внимание в статье уделяется таким понятиям как «сюжетный ритм» и «сюжетная композиция», а также предпринимается попытка проанализировать авторскую пунктуацию. Анализ осуществляется на материале повести В.С. Маканина «Стол, покрытый сукном и с графином посередине».

Ключевые слова: ритм прозы, художественное произведение, ритмико-интонационная организация текста, сюжетный ритм, сюжетная композиция, авторская пунктуация, интерпретация художественного текста, филологический анализ.

ВВЕДЕНИЕ

Обусловленная принципами антропоцентрической парадигмы современная филологическая наука пополняется новыми методиками и перспективными подходами к исследованию художественного текста, поэтики писателей, проникая тем самым в более глубокие слои изучения, а следовательно, понимания. Разработка качественно новых методов изучения ритма прозаического произведения предоставляет исследователям